

*2020 жылғы 05 қаңтардағы  
№1 Байқау кеңесінің  
шешімімен бекітілді*

**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының  
«Облыстық қан орталығы» КМК Байқау кеңесінің қызметі туралы 2019 жылғы арналған  
жылдық есеп**

**Қостанай қ., 2020 жыл**

## **1 БӨЛІМ. КӘСПОРЫН ТУРАЛЫ**

1.1. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК (бұдан әрі - ОҚО) денсаулық сақтау ұйымы болып табылады және консервіленген донорлық қанды дайындау, оны компоненттерге қайта өңдеу, донорлықты насихаттау және ұйымдастыру, өңірдің медициналық ұйымдарын трансфузиялық қамтамасыз ету мәселелерінде ұйымдастыру - әдістемелік көмек көрсету жөніндегі функцияларды орындайды. ОҚО Қазақстан Республикасының біртұтас қан қызметі жүйесіндегі буын болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасында бекітілген заңнамаларды, бұйрықтарды, нұсқаулықтарды, стандарттарды басшылыққа алады. Жоспарлаудың негізгі нысаны - медициналық ұйымдардың өтінімдерінде жасалған қан компоненттерін өткізу болып табылады.

### **1.2. Қостанай облыстық қан орталығының миссиясы:**

«Біздің өнімдеріміз қауіпсіз және GMP талаптарына сәйкес болуы үшін біз барлығын жасаймыз. Біздің қан орталығында болған әрбір адамның бізге қайтадан келгісі келгенін қалаймыз».

Біздің қан орталығы болашақта медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруда өндірістік трансфузиология, зертханалық диагностика саласында жетекші болып табылады. Біз техникалық мүмкіндіктерімізді үздіксіз жақсартуға және қызмет көрсету сапасын үнемі арттыруға ұмтыламыз.

1.3. Қостанай қан орталығының стратегиялық мақсаттары облыс тұрғындарына трансфузиялық көмек көрсетудің тиімділігін арттыруға бағытталған, осы мақсатта:

- ерікті өтеусіз қан донорлығына тұрғындарды барынша тарту;
- инфекциялық қауіпсіз, жоғары сапалы қан компоненттерін өндіру;
- автоматтандырылған зертханалық зерттеулер;
- қанды дайындау және қайта өңдеудің аппараттық технологиялары, оның ішінде қан жасушаларының донорлығы;
- ҚР қан қызметінің бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу;
- кадрлық потенциалды дамыту;
- Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Даму стратегиясы (стратегиялық мақсаттар мен міндеттер)

## **2 БӨЛІМ. Байқау кеңесі**

### **2.1. Байқау кеңесін құру.**

«Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің 2018 жылғы 02 ақпандағы № 129-к бұйрығына сәйкес Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК бойынша Байқау кеңесі мынадай құрамда құрылды:

Иосипенко Е.С. – ОҚО директоры.

Жумабаева З.Е – «Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» ММ бақылау және кадр жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы

Кожгаильдина Г.С - Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Қостанай қ. №3 емханасы» КМК-ның акушер-гинеколог дәрігері.

Чиченкова Н.В. - «Фармация-Нео» ЖШС бас директоры

Суздалева Т.М – Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Қостанай қ. №1 емханасы» КМК-ның сарапшы-дәрігері.

Негіздеме: 2018 жылғы 23 қаңтардағы Конкурстық комиссияның шешімі.

### **2.2. Байқау кеңесінің құрамы.**

Байқау кеңесінің төрағасы:

Кожгаилдина Гульнар Сейдилдаевна – Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай қ. №3 емханасы» КМК-ның акушер-гинеколог дәрігері.

Байқау кеңесінің мүшелері:

Иосипенко Елена Степановна – Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК директоры.

Жумабаева Зауре Еркиновна – «Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» ММ бақылау және кадр жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы.

Чиченкова Нина Васильевна – «Фармация-Нео» ЖШС бас директоры.

Суздалева Татьяна Михайловна – Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай қ. №1 емханасы» КМК-ның сарапшы-дәрігері.

Байқау кеңесінің хатшысы:

Галиганова Лилия Вячеславовна - Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК заңгері.

Негіздеме: 2018 жылғы 25 сәуірдегі №1 байқау кеңесі отырысының хаттамасы.

### **3 БӨЛІМ. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ**

3.1. 2019 жылы сегіз күндізгі кезекті отырыс өткізілді.

3.2. Байқау кеңесі 2019 жылы келесі мәселелерді қарады:

- Кәсіпорынның штаттық кестесін бекіту.

- Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау.

- Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы Ережесін келісу. Қызметкерлерге, кәсіпорын басшысына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржы көздерінен лауазымдық айлықақыға үстемеақы белгілеу бойынша шешім қабылдау.

- Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК 2019 жылға арналған ақылы қызметтер көрсету туралы Ережесін келісу.

- Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы Ережені келісу.

- 2018 жылға арналған бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануға жауапты құрылымдық бөлімшелердің есептерін тыңдау.

- Кәсіпорынның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту.

- Кәсіпорынды дамыту жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын ұсыну.

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК-ның 2017-2021 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру туралы есеп жобасын бекіту.

- Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережесіне өзгертулер мен толықтыруларды келісу.

- Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК-ның 2019-2021 жылдарға арналған Ұжымдық шартының жобасын келісу.

- 2019 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша бюджеттік қаражаттың және қосымша көздерден алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуына жауапты құрылымдық бөлімшелердің есептерін тыңдау.

- Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-функционалдық құрылымын бекіту.

- 2019-2021 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа өзгертулерді келісу.

- Кәсіпорынды дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған жоспарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы нәтижені ұсыну, 2019 жылы түзетілген 3 нұсқаны уәкілетті органға ұсыну.

- Кәсіпорынның 5 жылға арналған даму жоспарын қарастыру және ол бойынша уәкілетті органға қорытындыны беру.

- Кәсіпорынның есебінен кәсіпорынның бастамашылық аудитін өткізу туралы шешім қабылдау.

- БК-нің 2020 жылға арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту.

- БК-нің алдыңғы отырыстары шешімдерінің орындалуы туралы ақпаратты тыңдау.